

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23534 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 02.12.2021 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2021 жылғы 5 мамырдағы № 01-24/140 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылының жеке секторы "Яценко" табынының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының Департаменті Қарасу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу ұсынылсын.

3. "Жалғысқан ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалғысқан ауылы әкімінің міндетін атқарушы

И. Лебухова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК